

**6D020300 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD)**

**дәрежесін алу үшін дайындаған Ақынова Айгерим
Пернебековнаның «Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі
Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.)» атты
тақырыпта дайындалған диссертациялық жұмысына ресми
рецензенттің**

ПІКІРІ

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылыми және
мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника
дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Ақынова Айгерим Пернебековнаның «Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.)» тақырыбындағы зерттеу жұмысы қазіргі таңда ғылыми және практикалық маңызы айрықша. Диссертациялық зерттеуде тың ғылыми ізденістер жүзеге асырылады.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия империясының көрші мемлекеттермен орын алған саяси байланыстары мен сауда катынастары өз алдына жеке тарихты құрап, оның даму жолын зерттеудің өзі бір саланы құрайды. Империяның сыртқы саяси тарихына талдау жасау зерттеу тақырыбындағы маңызды ғылыми мәселелердің бірі болып табылады. Шетелдік тарихнамада көптеп қолға алынған еңбектерде Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезіндегі Шығыс Рим империясының сыртқы саяси тарихы, оның Шығыс Еуропа халықтарымен сондай-ақ қоныс аудару кезінде Батысқа жылжыған жаңа тайпалармен қарым-қатынастары, Еуропадағы өзінің саяси бақталастарымен жүргізген байланыстары мен олармен ара-тұра орын алған соғыс тарихы толықтай ғылыми талдаудан өтті деп топшылау қын. Мұның себептері, кейбір еуроцентристік ұстанымдағы батыс ғалымдары және таптық көзқарастағы кеңестік ғалымдар тарапынан көбінесе Шығыс Рим империясының өзімен іргелес жатқан мемлекеттермен, тайпалық одактармен арадағы жүргізілген саяси процестерді көбінесе геосаяси тұрғыда орын алғаны көрсетілді. Соның негізінде Ұлы қоныс аудару дәуірінде тек Византияның ғана емес, сонымен бірге онымен көршілес варвар тайпаларының да саяси әрекеттеріне байланысты ғылыми тұжырымдар сан түрлі қырынан көрсетілді. Әр түрлі бағыттағы ғылыми тұжырымдар тақырыптың өзектілігін одан сайын арттыра тустанысады.

Басты ғылыми дискуссия сыртқы саясатқа байланысты қабылданған тұжырымдардың көбінесе соғыс жағдайына байланысты туындауы тақырыптың өзекті тұстарының бірін құрап, ол саяси байланыстардың да зерттелуінің қажет екенін көрсетті. Осы орайда, Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының сыртқы империялармен, корольдіктермен, тайпалық мемлекеттермен саяси байланыстарын соғыс факторларынан тыс жай ғана саяси байланыстардың негізінде зерттеу

тақырыптың ғылыми құндылығын арттыратыны және бірқатар ғылыми тақырыптардың шешімін табуға септігін тигізері анықталды. Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия империясының ішкі және сыртқы саяси тарихына қатысты туындаған осындай ғылыми мәселелер зерттеу тақырыбының ғылыми өзектілігін барынша күшетті. Ол зерттеу жұмысына бірнеше ғылыми міндеттер қойды және сол міндеттер арқылы тақырып бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіліп, мәселені шешуге талпыныс жасалды.

Диссиденттік деректердің өзара салыстыра отырып, зерттеу тақырыбына қатысты өзіндік пікірін айта алған.

Бұғандегі егемен мемлекет ретінде еліміз адамзат тарихын әлемдегі жаһандану және интеграция үрдісіне ерекше көңіл аударып келеді. Бұл бағытта диссертация жұмысын дайындаудың аса өзектілігі айқындала түседі.

2. Диссертацияларға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссиденттік А.П. Ақынова өзінің зерттеу жұмысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген.

Бірінші нәтиже. Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Шығыс Рим империясының сыртқы саясатындағы басты бағыттар Түркі қағанатына қарай бағытталды. Сыртқы саясаттың негізгі бағыттары саяси-дипломатиялық және сауда-экономикалық қатынастармен сипатталды.

Екінші нәтиже. Шығыс деректерін және Прокопийдің жазбаларын талдай отырып Византия империясы мен Иран арасындағы саяси байланыстардың сан түрлі бағыттары және соғыс факторларының жаңа қырлары ашылды. Сасанидтік Иранның Византия империясы үшін аймақтағы басты геосаяси бақталас болғаны анықталды.

Үшінші нәтиже. Византияның сыртқы саясаты мен оның онтүстік Еуропадағы саясатына тікелей әсер еткен және оған үлкен кедергі ретінде аварлардың аймақта күшею факторлары жан-жақты қарастырылды.

Төртінші нәтиже. Орталық және Онтүстік Еуропада славяндардың пайда болуы мен олардың Шығыс Рим империясының саяси өміріне араласуына қатысты зерттеулер талданды.

3. Докторанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Бірінші нәтиже. Диссиденттік кеңестік және қазіргі заманғы зерттеушілердің жұмыстарын, оның ішінде ағылшын, испан, неміс тілінде шетелдерде жарияланған зерттеу еңбектерін тарихнама тұрғысынан талдап, Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты жөнінде шынайы тұжырымдар жасалған.

Екінші нәтиже. Византия империясы мен Авар қағанаты байланыстарының тарихына жаңаша ғылыми талдау жасалған.

Үшінші нәтиже. Византия империясының Түркі қағанаттарымен байланыстарын зерттелген.

Тортінші нәтиже. Шығыс Рим империясындагы славяндардың ролін және империя мен славян тайпалары арасындагы саяси процестерді зерделенген.

Диссертациялық жұмыстың корытынды тұжырымдарынан әр ел зерттеушілерінің өзіндік саяси ұстанымдарындағы айырмашылыктарды аныктай отырып, олардың ғылыми көзқарастарын өз жаңалыктарын дәйектеуге колдана білген.

Жалпы, зерттеу жұмысында алғынан ғылыми нәтижелердің негізделуі ғылыми, олардың шынайылылық дәрежесі мен дәйектелу деңгейі диссертацияға койылатын талаптарға жауап берे алады.

4. Докторанттың диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағида) корытындысының жаңалық дәрежесі.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты тарихын кең қолемде саралау арқылы, ізденуші бірқатар жаңа корытынды тұжырымдар жасады. Оның жаңашылдық деңгейін төменидегідей көрсету орынды:

Бірінші нәтиже жаңа. Диссертациялық жұмысқа қатысты накты тұжырымдар ізденушінің тиісті тарихи деректерден ой-корытындыларды түйіндеуіне арқау болғаны айғақталған;

Екінші нәтиже жаңа. Көптеген кеңестік дәуірдегі тарихшылардың зерттеулері тантық көзқарас бойынша жазған. Ал, диссиденттант ол дәуірдегі зерттеулерге сол кездегі идеологияның әсерін ескере отырып, оларды жана ғылымының теориясы мен методологиясы арқылы саралап негізделген;

Үшінші нәтиже жаңа. Докторант алғыс шетелдік ғалымдардың сәбектерін өз ғылыми жұмысында қарастырылып, олардың негізгі тұжырымдарына тарихнамалық тұрғыдан талдау жасау арқылы өз көзқарастарын дәйектеген.

5. Алғынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Ақынова Айгерим Пернебековнаның «Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.)» атты тақырыпта талқылауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмысын дербес орындалған ғылыми еңбек болып табылады. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері дұрыс айқындалып, жүйелі түрде тиянкты шешім тапқан. Ізденушінің қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары тақырыпты жогары деңгейде ашуға мүмкіндік берген. Зерттеу жұмысы логикалық және мазмұндық тұрғыдан үйлесім тапқан және ішкі бірлігі өте жогары, толық аяқталған іргелі зерттеу жұмысы болып табылады.

6. Докторанттың алған нәтижелерінің тиісті озекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешушеге бағытталуы.

Диссертациялық зерттеу жұмысында ұсынылған негізгі қортындылар мен тұжырымдарды, отандық гуманитарлық және қоғамдық ғылымдар саласындағы мамандардың колдануына жарайды. ЖОО-дағы оқытуышлар мен зерттеушілердің ғылыми зерттеу жүргізуде, жогары деңгейде мамандаярлауда тарих, халықаралық катынастар, тарихнама және деректану

мамандықтары бойынша арнағы курстар оқытуға, оқулыктар мен оқу күралдарын жазуға пайдалануға септігін тигізеді.

7. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындысының жариялануына растама.

Диссертациялық зерттеу еңбегінің негізгі қорытындылары мен нәтижелері елімізде, сондай-ақ алғы және жақын шетелдерде өткізілген халықаралық ғылыми-теориялық, ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарының жинақтарында 5 мақала жарияланды. ҚР БФМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан бекітілген отандық журналдарда 4 мақала жарық көрді. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбына сай «Scopus» базасына енген басылымда 2 мақала жарияланған. Жалпы, 11 жарияланым жарық көрген.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыстың аталған ғылыми құндылығымен бірге төмендегідей ескертпелер мен ұсыныстар бар:

Біріншіден, жұмыста кеңес тарихшыларының методологиялық кемшіліктерін көнірек айтып өтүге болар еді.

Екіншіден, зерттеу жұмысында Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясатына көбірек салыстырма жасау жұмыстың құндылығын одан әрі арттыраш еді.

Дегенмен, бұл айтылған сын ескертүлер мен ұсыныстар диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығына нұқсан келтірмейді.

9. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбына мазмұны толықтай сай келеді, тақырып толық ашылған, жұмыстың мақсаты мен міндеттері толық орындалған. Жұмыстың ғылыми жаңалықтары мен нәтижелері, қорғауға ұсынылған тұжырымдары өзара байланысты. Диссертацияның құрылымында ішкі логика жақсы сакталған, жұмыстың мазмұнында ғылыми жүйелік пен тұтастық зерттеудің талапқа сай орындалғанын көрсетеді.

Ақынова Айгерим Пернебековнаның «6D020300 –Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.)» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны мен рәсімделуі ҚР БжФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына толық сәйкес. Осыған орай, Ақынова Айгерим Пернебековна «6D020300 –Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толығымен лайық деп жалпы тарих маманы ретінде санаймын.

Ресми рецензент:

Құрманғазы атындағы

Қазақ Үлттық Консерваториясының

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер

кафедрасының доценті, т.ж.к.



Т.М. Айдос